

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

11 қазан 2023 жыл

KASE биржалық нарықтың 2023 жылдың үшінші тоқсаны мен тоғыз айындағы жұмысының қорытындысын ұсынады

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – KASE, Биржа) 2023 жылдың тоғыз айындағы қызметтің негізгі қорытындылары туралы хабарлайды:

- KASE-дегі сауда-саттықтың жиынтық көлемі 283,4 трлн теңгені құрап, 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 46,4 % немесе 89,8 трлн теңгеге өсті.
- KASE индексінің мәні 26,2 %-ға 4 103,83 тармаққа дейін өсті.
- Акциялар нарығының капиталдандырылуы 27,4 %-ға немесе 5,8 трлн теңгеге 27,0 трлн теңгеге дейін өсті.
- 2023 жылдың басынан бері KASE ресми тізіміне 44 эмитенттің 100 атауындағы бағалы қағаздар енгізілді, олардың 18-і алғаш рет листинг процедурасынан өтті.
- 2023 жылдың 01 қазанындағы жағдай бойынша KASE сауда-саттық тізімдерінде 225 эмитенттің 621 атаудағы мемлекеттік емес бағалы қағаздары болды.
- 2023 жылдың 01 қазанындағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде 679 мың жеке шот болды. Тоғыз айдың қорытындысы бойынша жеке тұлғалар 147 мың жаңа жеке шоттарды тіркеді.

НЕГІЗГІ ЖОБАЛАР МЕН ІС-ШАРАЛАР

2023 жылдың үшінші тоқсанында KASE келесі іс-шараларды өткізді.

Оқыту іс-шаралары

- 28 қыркүйекте KASE алаңында "PRI-ге кіріспе: әлемдік инвестициялық секторда ESG саласында жауапты инвестициялау тәжірибесін дамыту және білім деңгейін арттыру" атты онлайн вебинар өтті, онда PRI Academy өкілдері жауапты инвестициялау қағидаттары мен әлемдік инвестициялық сектормен және ESG-ны ілгерілетумен PRI қызметінің принциптері туралы, сондай-ақ осы бағыттағы құзыреттерді кеңейту мүмкіндіктері туралы айтып берді.
- KASE "Менің KASE-дегі портфелім" кешенді оқыту бағдарламасының үшінші ағымын іске қосты, ол бөлшек инвесторлардың қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында 2023 жылдың 07 қарашасына дейін өтетін алты тегін онлайн вебинар форматында өткізіледі.
- KASE Қазақстанның бірнеше қалаларындағы жетекші ЖОО алаңдарында қазақстандық брокерлердің "KASE FEST" жәрмеңкесін KASE-нің 30 жылдығына және "Биржалық симулятор" жобасының 15 жылдығына орай, сондай-ақ Дүниежүзілік қор биржалары федерациясының (WFE) жыл сайынғы World Investor Week 2023 бағдарламасын, "Ring the Bell for Financial Literacy" рәсімін және "KEGOC" АҚ SPO акцияларын қосымша орналастыруды қолдау үшін бастады.
- KASE акциялар нарығында, сондай-ақ KASE Global секторында бөлшек инвесторлар арасында байқауды іске қосты, ол 2023 жылдың 10 қарашасын қоса алғанға дейін өтеді.

Бизнеске арналған іс-шаралар

- "Эмитент күні" жобасы аясында инвесторлар, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және БАҚ үшін KASE келесі компаниялардың басшылығымен онлайн-кездесу өткізді:
 - "Қазақтелеком" АҚ-мен "Қазақтелеком" АҚ-ның 2022 жылғы және 2023 жылдың бірінші жартыжылдығындағы қызметінің қорытындылары" тақырыбында;
 - "Home Credit Bank" АҚ-мен "Инвестор күні. Облигациялардың жаңа шығарылымдары және Банктің қаржылық нәтижелері" тақырыбында;
 - "KEGOC" АҚ, "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ және "ҚазТрансОйл" АҚ. Кездесу аясында 2023 жылдың бірінші жартыжылдығындағы қызметтің негізгі қорытындылары, компаниялардың өндірістік және қаржылық көрсеткіштері туралы мәліметтер ұсынылды.
- KASE алаңында "ESG Insights: трендтер, даму және интеграция" онлайн вебинары өтті, оның аясында RepRisk халықаралық компаниясының өкілі ESG-ның озық инновациялары мен ерекшеліктері, әлемдегі және Орталық Азиядағы ESG нарығын дамытудың негізгі үрдістері мен перспективалары, ESG тәуекелдері және оларды басқару саласындағы зерттеулер, ESG тәуекелдерін корпорациялардың қызметіне ықпалдастыру, инвестициялар және банк қызметі туралы ақпарат жариялады.

Халықаралық ынтымақтастық

- KASE Басқарма төрайымы Алина Алдамберген Ереван қаласында (Армения) Еуро-Азия қор биржалары федерациясының (FEAS) ConFEAS 2023 капитал нарығы бойынша жыл сайынғы халықаралық конференциясына қатысты. FEAS Директорлар кеңесіне сайлау, хатшылықпен, FEAS мүше биржаларымен және басқа да нарыққа қатысушылармен кездесу аясында Алина Алдамберген ынтымақтастықтың алдағы жоспарларын талқылау үшін FEAS Жұмыс комитетінің төрайымы болып сайланды.
- KASE қызметкерлері 10th FEAS Onsite Training тренинг бағдарламасына қатысты. Сапар аясында Афина қор биржасы – Athens Stock Exchange қызметі зерделенді, сондай-ақ тренингке қатысушы биржалармен ынтымақтастық және тәжірибе алмасу мәселелері талқыланды.

АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

Акциялар нарығының капиталдандырылуы жыл басынан бері 27,4 % немесе 5,8 трлн теңгеге өсіп, 27,0 трлн теңгені (56,5 млрд USD) құрады. Бұл ретте 2023 жылдың үшінші тоқсанының қорытындысы бойынша акциялар нарығының капиталдандырылуы 18,0 % немесе 4,1 трлн теңгеге өсті. Үшінші тоқсандағы өсімнің негізгі үлесі KASE индексінің компаниясына олардың акцияларының бағасын түзету есебінен тиесілі болды.

2023 жылдың қыркүйегінің соңында KASE сауда-саттық тізімдерінде 84 эмитенттің 98 атаудағы акциялары, оның ішінде листингілік емес бағалы қағаздар секторында екі компанияның екі атаудағы акциялары болды. Үшінші тоқсанда KASE ресми тізімінен эмитенттің бастамасы бойынша "Fincraft" инвестициялық үйі" АҚ жай акциялары, ақпаратты ашу бойынша талаптардың сақталмауына байланысты "North Caspian Petroleum" (Норт Каспиан Петролеум) АҚ жай акциялары және листингілік емес бағалы қағаздар тізімінен заңды тұлғаның таратылуына байланысты "CHINATOWN" АҚ-ның жай акциялар алынып тасталды.

2023 жылдың тоғыз айында акциялар сауда-саттығының көлемі 256,6 млрд теңгені құрап, 2022 жылдың ұқсас көрсеткішімен салыстырғанда 3,1 есеге немесе 172,7 млрд теңгеге өсті.

Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 1 402,2 млн теңгені, мәмілелердің орташа күндік саны – 2 822, бір мәміленің орташа көлемі – 497,0 мың теңгені құрады.

Бастапқы нарық көлемі 144,9 млн теңгеге бағаланады. Барлық көлем KASE сауда-саттық жүйесінде "AMF Group" АҚ-ның 561 678 жай акцияларын 258,00 теңге бағамен орналастыруға тиесілі болды.

Қайталама акциялар нарығындағы сауда-саттық көлемі 3,1 есеге немесе 173,5 млрд теңгеге өсіп, 256,5 млрд теңгені құрады. 2023 жылдың үшінші тоқсанында қайталама акциялар нарығының көлемі 109,4 млрд теңгені құрап, 2023 жылдың екінші тоқсанымен салыстырғанда 29,8 %-ға артты.

Инвесторлардың негізгі санаттарының ішінде қайталама нарықтағы жеке тұлғалардың үлесі акциялармен мәмілелердің жалпы айналымының 42,7 %-ын құрады. Банктердің үлесі 4,6 %, брокер-

дилерлер – 9,1 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 6,4 % құрады, өзге заңды тұлғалардың үлесі 37,3% жетті. Бейрезиденттердің қатысуы 31,3 % болып бағаланады.

KASE ИНДЕКСІ

KASE индексі 2023 жылдың шілде айының басына қарай өткен жылдың құлдырауынан кейін толығымен қалпына келіп, тарихи максимумдарды жаңарта отырып, одан әрі өсуін жалғастырды. 22 қыркүйектегі сауда-саттық қорытындысы бойынша Индекс 4000 тармақты еңсерді. Жыл басынан бері KASE индексі 26,2 %-ға немесе 852,19 тармаққа 4 103,83 тармаққа дейін өсті. 2023 жылдың үшінші тоқсанының қорытындысы бойынша KASE индексі 13,8 %-ға немесе 499,08 тармаққа өсті.

Тоғыз айда индекстік акциялармен жасалған мәмілелердің жалпы көлемі 189,2 млрд теңгені құрады. Ең көп сауда-саттық көлемі "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ-ның қарапайым акцияларына тиесілі – 144,7 млрд теңге (индекстік акциялармен сауда-саттықтың жалпы көлемінің 76,5 %).

KASE өкілдік тізіміне кіретін акциялар бағасының өзгеруі

Эмитент	Сауда-саттық коды	Акцияның бағасы, теңге			Сауда-саттық көлемі, млн теңге		
		01.10.23	01.01.23	Δ, %	2023 9А	2022 9А	Δ
"Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" АҚ	KZAP	19 500,00	12 874,00	+51,5	6 568,7	3 549,6	+3 019,0
Kaspi.kz АҚ	KSPI	46 299,00	33 196,50	+39,5	3 051,7	2 932,5	+119,2
"ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ	KMGZ	11 857,94	9 430,00	+25,7	144 663,9		+144 663,9
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ	HSBK	151,00	126,47	+19,4	11 310,4	9 571,7	+1 738,7
"Қазақтелеком" АҚ	KZTK	33 537,05	28 362,32	+18,2	5 234,5	1 942,9	+3 291,6
"Kcell" АҚ	KCEL	1 991,86	1 725,00	+15,5	8 174,7	13 168,3	-4 993,7
"Банк ЦентрКредит" АҚ	CCBN	730,00	640,00	+14,1	2 352,3	9 922,2	-7 569,8
"ҚазТрансОйл" АҚ	KZTO	831,49	734,00	+13,3	6 891,1	2 854,1	+4 037,0
"KEGOC" АҚ	KEGC	1 489,75	1 620,02	-8,0	939,3	665,1	+274,3

* ірі мәмілелер мен тұрақты емес сипаттағы мәмілелерді есепке алмағанда

Индекстік тізімдегі тоғыз компанияның сегізі 2023 жылдың тоғыз айын жасыл аймақта жапты.

Өсімнің негізгі қозғаушы күші "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" АҚ-ның бағаға 51,5 % қосқан қарапайым акциялары болды. Компанияның базалық шикізатының – уранның бағасы жыл басынан бері әлемдегі атом энергетикасына қызығушылықтың жандануы және Канада мен Нигер Республикасы тарапынан уран ұсынысының қысқаруы аясында бір фунт үшін 48,8-ден 70,0 долларға дейін 43,4 %-ға өсті. Тұрақты қаржылық есеп берушілік инвесторларға сенім артады: 2023 жылы таза кіріс 2,2 есеге өсіп, 473 млрд теңгеге жетті, 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында – 33 %-ға өсіп, 222,3 млрд теңгеге жетті. 2022 жылы компания акцияға 774,88 теңге көлемінде дивидендтер төледі.

Жыл басынан бері өсу қарқыны бойынша екінші орында Kaspi.kz АҚ-ның 39,5 % қосқан қарапайым акциялары тұр. Қаржы тобының таза кірісі 2022 жылы 35,3 %-ға 588,8 млрд теңгеге дейін, 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында 57,2 %-ға 386,6 млрд теңгеге дейін өсті. Жыл басынан бері Kaspi.kz үш рет дивидендтер төледі – 2022 жылға акцияға 600 теңгеден, 2023 жылдың бірінші және екінші тоқсандарына акцияға 750 теңгеден. 2022 жылы акцияға барлығы 1 700 теңге сомасында дивиденд төленді.

"ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ-ның 25,7 % нәтижесімен қарапайым акциялары көшбасшылар үштігін жапты. Компания өткен жылдың қараша айында IPO өткізді, ал 2023 жылдың 03 ақпанынан бастап акциялар Индекске қосылды. Акциялар бағасын қолдаудың негізгі факторы энергия тасымалдаушылардың өсіп келе жатқан баға белгілеулері болды. Brent сұрыпты мұнай қыркүйекте 7 %-ға, ал үшінші тоқсанда 23 %-ға өсті. Компания акцияға 491,71 теңге көлемінде дивидендтер төледі.

"Қазақстан Халық Банкі" АҚ жай акцияларының бағасы жыл басынан бері 19,4 %-ға өсті. Ағымдағы жылы Банк дивиденд түрінде акцияға 25,38 теңге төледі.

"Қазақтелеком" АҚ-ның қарапайым акциялары тоғыз айды 18,2 % нәтижемен жапты. Компания 2022 жылы таза кірістің 32,6 %-ға 128,7 млрд теңгеге дейін өсуі және 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында 16 %-ға 58,5 млрд теңгеге дейін өсуі туралы есеп берді. Дивидендтерді төлеу мәселесі көктемгі отырыстан күзге ауыстырылды. Жиналыс 27 қазанға белгіленді.

"KEGOC" АҚ акциялары ағымдағы жылдың тоғыз айын 8,0 %-ға төмендеумен аяқтады. 2022 жылдың қорытындысы бойынша компанияның таза кірісі 49,2 %-ға 26,7 млрд теңгеге дейін төмендеді,

2023 жылдың бірінші жартыжылдығында таза кірістің өсімі 64,3 %-ды құрап, 23,0 млрд теңгеге дейін жетті. Компания 2022 жылы акция үшін 116,03 теңге мөлшерінде дивидендтер төледі, 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында акцияға 77,74 теңге мөлшерінде дивидендтерді бекітті, сондай-ақ дивидендтерге жіберілетін таза пайда үлесін 40 %-дан 60 %-ға дейін ұлғайтып, дивидендік саясатқа өзгерістер енгізді. Қыркүйек айында компания акционерлерінің жалпы жиналысы жыл соңына дейін акцияларды қосымша орналастыру туралы ресми түрде жариялады. SPO шеңберінде Компания 15,3 млн жай акцияларды ұсынады, бұл ретте "Самрук-Қазына" АҚ үлесі Компания акцияларының жалпы санының кемінде 85 %-ын құрайды.

Компания алдағы орналастырудан түскен қаражатты Қазақстанның БЭЖ Оңтүстік аймағының электр желісін күшейтуге жұмсауды жоспарлап отыр.

2023 жылдың 28 қыркүйегінен 27 қазанына дейін KASE-де "KEGOC" АҚ-ның қарапайым акцияларына жұмыс істеп тұрған акционерлер үшін басым сатып алу құқығы шеңберінде жазылу жүргізіледі. Сатуға ұсынылатын акциялардың саны – 15,3 млн акция, бір акцияның бағасы – 1 482 теңге.

Орналастыруға қатысуға жаңа инвесторлардан өтінімдер жинау 16 қазан мен 2 қараша аралығында жалғасады.

"KASE GLOBAL" СЕКТОРЫ

2023 жылдың қыркүйегінің аяғында "KASE Global" секторында 53 шетелдік эмитенттің 59 бағалы қағаздары, оның ішінде 45 атаудағы акциялар және шетелдік эмитенттердің 14 ETF болды. Үшінші тоқсанда "KASE Global" секторына Occidental Petroleum Corporation акциялары енгізілді.

2023 жылдың тоғыз айында "KASE Global" секторында сауда-саттық көлемі 30,0 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 47,1 %-ға немесе 9,6 млрд теңгеге жоғары. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 163,8 млн теңгені, мәмілелердің орташа күндік саны – 233, бір мәміленің орташа көлемі – 702,2 мың теңгені құрады.

Тоғыз айда сауда-саттықтың ең көп көлемі мынадай акцияларға тиесілі болды:

- Apple Inc. (AAPL_KZ) – жалпы сомасы 6 541,3 млн теңгеге 3 627 мәміле.
- Microsoft Corporation (MSFT_KZ) – жалпы сомасы 2 451,1 млн теңгеге 679 мәміле;
- Tesla, Inc. (TSLA_KZ) – жалпы сомасы 1 200,5 млн теңгеге 5 622 мәміле.

Инвесторлардың негізгі санаттарының ішінде ең көп үлес брокер-дилерлердің үлесіне 35,9 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне 0,1 %-дан кем, басқа заңды тұлғалардың үлесіне 27,1 %, жеке тұлғалардың үлесіне 37,0 % тиесілі болды. Бейрезиденттердің қатысуы 0,6 % болып бағаланады.

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР

2023 жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша KASE-ге саудаланатын корпоративтік борыш көлемі 4,7 % - ға немесе 676,4 млрд теңгеге 13,8 трлн теңгеге (28,8 млрд USD) дейін төмендеді. Бұл ретте корпоративтік борыш көлемі 2023 жылдың үшінші тоқсанында 5,0 % - ға немесе 653,8 млрд теңгеге өсті.

2023 жылдың 01 қазандағы жағдай бойынша KASE сауда-саттық тізімінде 92 эмитенттің 378 корпоративтік облигациялар шығарылымы болды. Жыл басынан бері KASE ресми тізіміне 34 эмитенттің 72 облигация шығарылымы (13 жаңа) енгізілді, оның ішінде 2023 жылдың үшінші тоқсанында листинг процедурасынан 19 эмитенттен 27 шығарылым (алты жаңа) өтті: "Береке Bank" АҚ бес шығарылымы, "Home Credit Bank" АҚ үш шығарылымы, "ҚазАгроҚаржы" АҚ және "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ екі шығарылымынан және "Тойота Файнаншл Сервисез Казахстан" МҚҰ ЖШС, "RG Brands Kazakhstan" ЖШС, "Swiss Capital (Свисс Капитал)" МҚҰ ЖШС, "Capital Leasing Group (Капитал Лизинг Групп)" ЖШС, "МФО "Кредит Time" ЖШС, "ОнлайнҚазҚаржы" МҚҰ АҚ, "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" Ұлттық компаниясы" АҚ, "ЮНИКРЕДО" МҚҰ ЖШС, "R-Finance" микроқаржы ұйымы" ЖШС, "Вивус" Микроқаржы ұйымы " ЖШС, "ID Collect (Айди Коллект)" коллекторлық агенттігі" ЖШС, "ВРВАРК" ЖШС, "Алтын Сапа ALM" ЖШС, "Ел Орда Арнау" ЖШС және "Форпост" ЖШС бір жышарылымынан.

KASE_BMY индексі (негізгі алаңның корпоративтік облигацияларының кірістілік индексі) жыл басынан бастап 177 б.т.-қа өсіп, жылдық 14,43 % - ға жетті.

Тоғыз айда сауда-саттықтың жиынтық көлемі 1,8 трлн теңгені құрап, 2022 жылдың ұқсас кезеңіне қатысты 51,1 % - ға немесе 601,5 млрд теңгеге ұлғайды. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 9,7 млрд теңгені (қайталама нарықта – 2,6 млрд теңге), мәмілелердің орташа тәуліктік саны –

162 (қайталама нарықта – 148), бір мәміленің орташа көлемі – 60,1 млн теңгені (қайталама нарықта – 17,3 млн теңге) құрады.

2023 жылдың тоғыз айында KASE-де жалпы сомасы 1 308,8 млрд теңгеге 28 эмитенттің 62 облигация шығарылымы орналастырылды, бұл өткен жылдың тиісті көрсеткішінен үш есе жоғары. Оның ішінде үшінші тоқсанда 567,1 млрд теңге (14 эмитенттің 25 шығарылымы) тартылды:

- "Bereke Bank" АҚ өтеуге кірістілігі жылдық 14,00-16,00 % және өтеуге дейінгі мерзімі жеті айдан 9,3 жылға дейінгі облигациялардың бес шығарылымын орналастыра отырып, 400,9 млрд теңге тартты;
- "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ өтеуге орташа сараланған кірістілігі жылдық 14,84–15,25 % және өтеуге дейінгі мерзімі бір жылдан екі жылға дейінгі облигациялардың алты шығарылымын орналастыра отырып, 100,6 млрд теңге тартты;
- "ҚазАгроҚаржы" АҚ өтеуге кірістілігі жылдық 18,65-19,25 % жеті жылдық облигацияларды орналастыра отырып, 20,5 млрд теңге тартты;
- "Home Credit Bank" АҚ өтеуге кірістілігі жылдық 17,30-18,00 % өтеуге дейінгі мерзімі және екі жылдан бес жылға дейінгі облигациялардың үш шығарылымын орналастыра отырып, 19,6 млрд теңге тартты;
- "RG Brands Kazakhstan" ЖШС облигацияларды жылдық 30,00 %-бен орналастыра отырып, 11,0 млрд теңге тартты;
- "Тойота Файнаншл Сервисез Қазақстан" МҚҰ" ЖШС өтелгенге дейін бір жыл бар облигацияларды жылдық 17,00 %-бен орналастырып, 5,0 млрд теңге тартты;
- "Swiss Capital (Свисс Капитал)" МҚҰ" ЖШС екі жылдық облигацияларды жылдық 10,50 %-бен орналастыра отырып, 5,0 млн АҚШ долларын (2,2 млрд теңгенің баламасы) тартты;
- "Алтын Сапа ALM" ЖШС екі жылдық облигацияларды жылдық 25,00 %-бен орналастырып, 1,5 млрд теңге тартты;
- "Ел Орда Арнау" ЖШС екі жылдық облигацияларды жылдық 25,00 %-бен орналастырып, 2,0 млрд теңге тартты;
- "Онлайн Қазқаржы Микроқаржы ұйымы" ЖШС өтеуге кірістілігі жылдық 21,50%-бен және өтеуге дейінгі мерзімі 1,9 жыл бар әлеуметтік облигацияларды орналастыра отырып, 1,8 млрд тартты;
- "Сейф-Ломбард" ЖШС өтеуге кірістілігі жылдық 21,00 % және өтеуге дейінгі мерзімі 1,1 жыл бар облигацияларды орналастыра отырып, 849,6 млн теңге тартты;
- "BRBAPK" ЖШС бес жылдық облигацияларды жылдық 21,00 %-бен орналастыра отырып, 492,5 млн теңге тартты;
- "CAPITAL Leasing Group (Капитал Лизинг Групп)" ЖШС 20,0 млн теңге тартып, екі жылдық облигацияларды жылдық 22,00 %-бен орналастырды.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығында 2023 жылдың тоғыз айында банктердің үлесі 16,7 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың – 1,1 %, басқа институционалдық инвесторлардың – 24,5 %, өзге де заңды тұлғалардың – 54,5 %, жеке тұлғалардың – 3,2 % құрады. Корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығындағы бейрезиденттердің үлесі 8,6 % – құрады.

Облигациялардың қайталама нарығында 2023 жылдың тоғыз айында сауда-саттық көлемі 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 36,1 % - ға немесе 264,8 млрд теңгеге 468,7 млрд теңгеге дейін төмендеді. 2023 жылдың үшінші тоқсанында сауда-саттық көлемі 189,1 млрд теңгені құрады және 2023 жылдың екінші тоқсанына қатысты 0,9 % - ға төмендеді.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде корпоративтік облигациялардың қайталама нарығында 2023 жылдың тоғыз айында банктердің үлесі 11,2 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың – 6,7 %, басқа институционалдық инвесторлардың – 15,2 %, өзге заңды тұлғалардың – 56,9 % құрады, жеке тұлғалардың үлесі 10,0 % - ға тең. Бейрезиденттердің үлесі 20,1 % құрады.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (МБК)

2023 жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша KASE-де саудаланатын мемлекеттік борыштың сомасы номиналды құны бойынша 25,5 трлн теңгеге (53,4 млрд USD) бағаланып, жыл басынан бері

18,4 %-ға немесе 4,0 трлн теңгеге ұлғайды. 2023 жылдың үшінші тоқсанының қорытындысы бойынша мемлекеттік борыш сомасы 2,6 %-ға немесе 640,5 млрд теңгеге өсті.

KASE-дегі МБҚ сауда-саттығының жиынтық көлемі 7,0 трлн теңгені құрады және 2022 жылдың ұқсас кезеңіне қатысты 53,9 %-ға немесе 2,4 трлн теңгеге өсті. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 38,0 млрд теңгені (қайталама нарықта 11,3 млрд теңге), мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 23 (қайталама нарықта – 16), бір мәміленің орташа көлемі – 1,7 млрд теңгені (қайталама нарықта – 0,7 млрд теңге) құрады.

МБҚ бастапқы нарығындағы сауда-саттық көлемі 66,3 %-ға немесе 2,0 трлн теңгеге 4,9 трлн теңгеге дейін өсті. Оның ішінде жылдық 0,35-4,25 %-бен 85,6 млрд теңгені 11 облыстың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері (мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберіндегі іс-шараларды қаржыландыру мақсатында) тартты. Қаржы министрлігі жылдық 11,50–17,71 % (жылдық 11,50-17,78 %) өтеуге орташа алынған кірістілікпен 4,8 трлн теңге тартып, өтеуге дейінгі мерзімі 0,5 жылдан 15,4 жылға дейінгі 33 шығарылымды орналастырды (10 жаңа шығарылым және 23 шығарылым ірілендірілді).

Бұл ретте 2023 жылдың үшінші тоқсанында орналастыру көлемі 1,1 трлн теңгені құрады, бұл 2023 жылдың екінші тоқсанында орналастыру көлемінен 60,3%-ға аз. Оның 53,0 млрд теңгесін әкімдіктер, Қаржы министрлігі 1,0 трлн теңгені тартты. Қаржы министрлігінің орналастыру аукциондарындағы ставкалар жылдық 11,60–14,70% диапазонында қалыптасты.

Бастапқы нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 2023 жылдың тоғыз айында банктердің үлесіне – 50,0 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 1,4 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 40,4 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 8,1 %, жеке тұлғалардың үлесіне 0,1 %-дан кем болды. Бейрезиденттердің үлесі 0,1 % құрады.

Қайталама нарықтағы сауда көлемі 30,6 %-ға өсіп, 2,1 трлн теңгеге жетті. Қайталама нарықтағы Ұлттық Банк ноталарымен сауда-саттық үлесі сауда-саттықтың жалпы көлемінен 42,8 % немесе 883,4 млрд теңгені, МЕКАМ үлесі – 52,3 % немесе 1 079,1 млрд теңгені, Қазақстан Республикасы еурооблигацияларының үлесі – 0,3 % немесе 5,3 млрд теңгені құрады. Қалған көлем шет мемлекеттердің МБҚ мәмілелеріне келіп, 4,6 % немесе 95,6 млрд теңгені құрады.

2023 жылдың үшінші тоқсанында қайталама нарықтағы МБҚ сауда-саттық көлемі 851,7 млрд теңгені құрады, бұл ретте қайталама нарықтағы Ұлттық Банк ноталарымен сауда-саттық үлесі – 47,7 % немесе сауда-саттықтың жалпы көлемінен 406,6 млрд теңге, МЕКАМ үлесі – 47,6 % немесе 405,6 млрд теңге, Қазақстан Республикасы еурооблигацияларының үлесі – 0,5 % немесе 4,2 млрд теңге. 4,2 % (35,4 млрд теңге) құрайтын қалған көлем шет мемлекеттердің МБҚ-мен мәмілелерге келді.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде МБҚ қайталама нарығында 2023 жылдың тоғыз айында банктердің үлесі 40,9 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың – 3,8 %, басқа институционалдық инвесторлардың – 6,5 %, өзге де заңды тұлғалардың – 48,0 %, жеке тұлғалардың – 0,8 % құрады. Бейрезиденттердің үлесі – 6,9 % құрады..

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ (МҚҰ) ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ

Есепті кезеңнің соңында KASE сауда тізімінде бес халықаралық қаржы ұйымы облигацияларының 57 шығарылымы болды: Азия даму банкінің 11 шығарылымы, Еуразиялық даму банкінің 28 шығарылымы, Еуропалық Қайта Құру және даму банкінің 15 шығарылымы, халықаралық қаржы корпорациясының (IFC) екі шығарылымы және жеке секторды дамыту жөніндегі Ислам корпорациясының бір шығарылымы.

2023 жылдың басынан бастап ресми тізімге төрт халықаралық қаржы ұйымы облигацияларының 19 шығарылымы, Азия Даму Банкі облигацияларының үш шығарылымы, Еуразиялық даму банкінің 13 шығарылымы, Еуропалық Қайта Құру және Даму Банкінің екі шығарылымы және жеке секторды дамыту жөніндегі Ислам корпорациясының бір шығарылымы енгізілді. Тоғыз ай ішінде ресми тізімнен облигациялардың екі шығарылымы айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты алынып тасталды: Азия даму банкінің бір шығарылымы және Еуразиялық даму банкінің бір шығарылымы.

Есепті кезеңнің соңында KASE сауда-саттық тізімінде бес халықаралық қаржы ұйымы облигацияларының 57 шығарылымы болды: Азия даму банкінің 11 шығарылымы, Еуразиялық даму банкінің 28 шығарылымы, Еуропалық Қайта Құру және даму банкінің 15 шығарылымы, халықаралық қаржы корпорациясының (IFC) екі шығарылымы және жеке секторды дамыту жөніндегі Ислам корпорациясының бір шығарылымы.

2023 жылдың басынан бастап ресми тізімге төрт халықаралық қаржы ұйымы облигацияларының 19 шығарылымы, Азия Даму Банкі облигацияларының үш шығарылымы, Еуразиялық даму банкінің 13 шығарылымы, Еуропалық Қайта Құру және Даму Банкінің екі шығарылымы және жеке секторды

дамыту жөніндегі Ислам корпорациясының бір шығарылымы енгізілді. Тоғыз ай ішінде ресми тізімнен облигациялардың екі шығарылымы алынып тасталды: Азия даму банкінің бір шығарылымы және Еуразиялық даму банкінің бір шығарылымы айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты

Өткен кезеңде сауда-саттық көлемі 205,8 млрд теңгені құрады, бұл 2022 жылғы ұқсас кезеңнің нәтижесінен 2,8 жоғары немесе 132,5 млрд теңгеге. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда мәмілелер саны 34,9%-ға өсіп, 371 мәмілеге жетті.

Бастапқы нарықта сауда көлемі 162,4 млрд теңгені құрады және 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3,7 есеге немесе 118,4 млрд теңгеге ұлғайды. Бұл ретте үшінші тоқсанның қорытындысы бойынша орналастыру көлемі 2023 жылдың екінші тоқсанына қатысты 63,4 %-ға өсіп, 25,0 млрд теңгені құрады. Барлық көлемді Еуразиялық Даму Банкі тартты, ол екі жылдық облигацияларды жылдық 15,50 %-ға орналастырды.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде бастапқы нарықта 2023 жылдың тоғыз айында банктердің үлесі 39,0 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың – 5,7 %, басқа институционалдық инвесторлардың – 32,0 %, басқа заңды тұлғалардың – 23,0 %, жеке тұлғалардың – 0,4 % құрады. Бейрезиденттердің үлесі 0,1 %-дан аз болды.

Қайталама нарықта сауда көлемі 43,3 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 48,2 %-ға немесе 14,1 млрд теңгеге жоғары.

Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 2023 жылдың тоғыз айында банктердің үлесіне – 1,9 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 3,0 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 20,5 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – 73,1 %, жеке тұлғалардың үлесіне – 1,5 % тиесілі болды. Бейрезиденттердің қатысуы 22,4 %-ға бағаланады.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ ПАЙЛАРЫ

2023 жылдың 01 қазанындағы жағдай бойынша инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары секторында бес басқарушы компания басқаратын пай қорларының 18 қаржы құралы және алты ETF болды.

Жыл басынан бері KASE ресми тізімінен "инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторынан "Шығыс-Батыс "Басқарушы компаниясы"ЖШҚ басқаруындағы инвестициялық пай қорларының үш құралы алынып тасталды.

Есепті кезеңде сауда-саттық көлемі 8,1 млрд теңгені құрады, бұл ұқсас кезең нәтижесінен 22,0 %-ға немесе 1,5 млрд теңгеге жоғары.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 39,1 % жеке тұлғаларға, 5,8 % – брокер-дилерлерге, 12,9 % – басқа институционалдық инвесторларға және 42,2 % – басқа заңды тұлғаларға тиесілі.

ТУЫНДЫ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

2023 жылдың 01 қазанындағы жағдай бойынша KASE ресми тізімінде бес шығарылымның жаһандық депозитарлық қолхаттары (ЖДҚ) болды, олардың базалық активтері "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" АҚ, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ, "Қазатомөнеркәсіп" АҚ Kaspi.kz, "Қазақтелеком" АҚ және "ForteBank" АҚ жай акциялары болып табылады.

2023 жылдың тоғыз айында сауда-саттық көлемі 1,6 млрд теңгені құрады және 2022 жылдың тоғыз айына қатысты 90,3 %-ға немесе 14,5 млрд теңгеге төмендеді.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 37,9 % жеке тұлғалардың шоттарына, 34,1 % – брокерлік-дилерлік ұйымдарға, 12,1 % – басқа институционалдық инвесторларға және 15,9 % – басқа заңды тұлғаларға тиесілі болды.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНДАҒЫ ШОТТАРЫ

2023 жылдың 01 қазанындағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде жеке тұлғалардың 679 мың дербес шоттары болды. Тоғыз айдың қорытындысы бойынша жеке тұлғалар 147 мың жаңа дербес шоттарын тіркеді.

ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫ НАРЫҒЫ

Ағымдағы жылдың тоғыз айында KASE шетел валюталары нарығындағы сауда-саттыққа 33 KASE мүшесі қатысты.

Шетел валюталары нарығындағы тоғыз айдағы сауда-саттық көлемі 22,4 трлн теңгені құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңінен 60,5 %-ға немесе 8,4 трлн теңгеге жоғары. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 122,3 млрд теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 556, бір мәміленің орташа

көлемі – 219,8 млн теңгені құрады. 2023 жылдың үшінші тоқсанында сауда көлемі 10,0 трлн теңгені құрады және екінші тоқсанға қатысты 49,6 %-ға өсті.

Төмендегі кестеде KASE-де саудаланатын валюта жұптарының негізгі сипаттамалары келтірілген (сауда-саттық көлемінің, көлеміндегі үлестің, мәмілелер санының өзгеруі өткен жылдың ұқсас кезеңіне қатысты көрсетілген; бағамның өзгеруі жыл басына қарай шетел валютасының теңгеге шаққандағы орташа сараланған биржалық бағамының номиналды өзгерісін көрсетеді).

Валюталық жұп	Көлемі, валютаның млн бірл.	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәмілелер саны	Мин. және макс. бағамдар, базалық бірлік үшін баға белгіленетін валюта саны	Қыркүйек айының соңындағы бағам (өзг.%)
USD/KZT	29 043,05 (+26,6 %)	58,8 % (-16,8 %)	76 484 (+25 238)	439,04-486,00	474,99 (+2,7%)
RUB/KZT	221 142,0 (+10,2 %)	5,3 % (-4,9 %)	17 565 (+11 931)	4,4256-5,1500	4,8938 (-23,6%)
CNY/KZT	3 759,6 (-35,6 %)	1,1 % (-1,9 %)	1 452 (-184)	61,0800-66,0000	65,8808 (-0,2%)
EUR/KZT	739,7 (+97,8 %)	1,6 % (+0,4 %)	3 078 (+1 864)	482,29-513,04	503,86 (+2,2%)
EUR/USD	13 025,7 (x4,5)	28,8 % (+18,9 %)	2 548 (+1 635)	1,0499-1,1255	1, 0599 (-0,2%)
USD/CNY	2 146,9 (-)	4,4 % (-)	657 (-)	7,1353-7,3580	7,3218 (+5,9%)

АҚША НАРЫҒЫ

Ақша нарығындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі 2023 жылдың тоғыз айында 251,7 трлн теңгені құрап, 2022 жылдың тиісті кезеңіне қатысты 44,9 %-ға немесе 78,0 трлн теңгеге ұлғайды.

25 тамызда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-несие саясаты комитеті базалық мөлшерлемені +/- 1,00 п.т. пайыздық дәлізі бар жылдық 16,50 % деңгейіне дейін 25 тармаққа төмендету туралы шешім қабылдады, тиісінше өтімділікті беру бойынша тұрақты қол жеткізу операциялары бойынша мөлшерлеме 17,50 %, өтімділікті алу бойынша тұрақты қол жеткізу операциялары бойынша – 15,50 % құрады.

Мәмілелер көлемі арқылы сараланған USD/KZT валюталық своп операциялары және бір жұмыс күні ашылған МБҚ-мен автоматты репо операциялары бойынша кірістіліктің орташа мәні болып табылатын MM_INDEX ақша нарығының композиттік индикаторы 2023 жылғы қыркүйектің соңына қарай 146 б.т. 17,85 %-дан жылдық 16,39 %-ға дейін төмендеді.

Репо операцияларының нарығы

Осы сегменттегі сауда көлемі 2023 жылдың тоғыз айында 209,7 трлн теңгені құрады, бұл 2022 жылдың ұқсас кезеңінің көлемінен 37,2%-ға немесе 56,8 трлн теңгеге артық. Операциялардың орташа тәуліктік көлемі 1 146,1 млрд теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 1 293 теңгені, бір мәміленің орташа көлемі – 886,1 млн теңгені құрады.

МБҚ-мен жасалған авторепо сауда-саттығының көлемі 168,3 трлн теңгені немесе РЕПО-ның жалпы көлемінің 80,2%, МБҚ-мен авторепо - 41,4 трлн теңгені немесе 19,7%, ҰБҚ-мен тікелей репо - 45,0 млрд теңгені немесе 0,02%, МБҚ-мен тікелей репо - 2,3 млрд теңгені немесе 0,01%-дан кем көрсеткішті, ҚҚС-мен авторепо 1,5 млрд теңгені немесе 0,01%-дан төмен көрсеткішті құрады.

Қыркүйек айының соңына қарай TONIA индикаторы (МБҚ қоржынының бағалы қағаздарымен автоматты репо секторында биржада бір жұмыс күні мерзімге жасалған репо ашу мәмілелері бойынша орташа өлшенген пайыздық мөлшерлеме) жылдық 17,63%-дан 17,14%-ға дейін 49 б.т. төмендеді.

TRION индикаторы (биржа Орталық контрагенттің қызметтерін пайдалана отырып, клирингтік қызметті жүзеге асыратын МБҚ қоржынының бағалы қағаздарымен биржада бір жұмыс күні ішінде автоматты репо секторында жасалған, бір жұмыс күні мерзімге репо ашу мәмілелері бойынша орташа өлшенген пайыздық мөлшерлеме) жылдық 17,56%-дан 17,13%-ға дейін 43 б. т. төмендеді.

TWINA индикаторы (биржа орталық контрагенттің қызметтерін пайдалана отырып клирингтік қызметті жүзеге асыратын МБҚ қоржынының бағалы қағаздарымен биржада жасалған жеті жұмыс күні мерзімге репо ашу мәмілелері бойынша орташа өлшенген пайыздық мөлшерлеме) 12 б.т. жылдық 17,04%-дан 16,92%-ға дейін төмендеді.

Валюталық своп операциялар нарығы

2023 жылдың тоғыз айында валюталық своп операциялары нарығында сауда-саттық көлемі 42,0 трлн теңгені құрады, бұл 2022 жылдың тоғыз айына қарағанда екі есе немесе 21,2 трлн теңгеге артық. Жыл басынан бері операциялардың орташа тәуліктік көлемі 229,5 млрд теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 24, бір мәміленің орташа көлемі – 9,7 млрд теңгені құрады.

Құралдар құрылымда 41 574,3 млрд теңге немесе своп сауда-саттық көлемінің 99,0%-ы USDKZT своптарына, 416,0 млрд теңге немесе 1,0% – RUBKZT своптарына, 234,0 млн теңге немесе 0,01% - дан төмені EURKZT своптарына тиесілі болды.

Валюталық жұп	Құрал	Көлемі, млрд теңге	көлемі, млн валюта бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %
USD/KZT	USDKZT_0_001	15 471,0	33 940,2	36,8 %
	USDKZT_0_002	25 813,5	56 989,7	61,5 %
	USDKZT_0_01W	111,4	250,0	0,3 %
	USDKZT_0_01M	77,3	170,0	0,2 %
	USDKZT_0_03M	101,2	225,0	0,3 %
EUR/KZT	EURKZT_0_001	0,2	0,5	<0,1%
	EURKZT_1_001	0,01	0,02	<0,1%
RUB/KZT	RUBKZT_0_001	0,1	14,3	<0,1%
	RUBKZT_0_002	415,9	74 800,0	1,0 %

Қыркүйек айының соңында SWAP-1D (USD) бір күндік долларлық своптың кірістілігі жыл басынан бері 551 б.т. төмендеп, жылдық 13,11%-ға жетті, Екі күндік SWAP-2D (USD) валюталық своптың кірістілігі жыл басынан бастап 602 б.т. жылдық 12,66%-ға дейін төмендеді.

ТУЫНДЫ ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАР НАРЫҒЫ

Қазіргі уақытта биржалық нарықтың осы секторында АҚШ долларының теңгеге бағамына, Ресей рублінің теңгеге бағамына, KASE индексіне, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ және "Қазатөменеркөсіп" ҰАК" АҚ жай акцияларына жеткізілімсіз фьючерстер саудаға қолжетімді.

KASE индексіне фьючерстер бойынша KASE-дегі маркет-мейкердің міндеттерін "NGDEM Finance" АҚ, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ – "Haluk Finance" АҚ жай акцияларына фьючерстер бойынша орындайды.

Тоғыз ай ішінде туынды құралдар нарығында 29,4 млрд теңге сомасына Ресей рублінің теңгеге бағамына фьючерстермен 15 мәміле жасалды. 01 қазанда туынды құралдар нарығында сауда-саттыққа қатысушылардың ашық жайғасымдары болған жоқ.

Ағнықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржалары арасында екінші, ал FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру көлемі бойынша төртінші орында.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы. KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуро-Азия қор биржалары Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Қор биржалары тұрақты даму үшін" бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.